

Қаражал қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 68/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы", 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қаражал қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау мәселенің тиістілігіне қарай Қаражал қаласы әкімінің орынбасарларына жүктелсін.

Қаражал қаласының әкімі

Қ. Шорманбаев

Қаражал қаласы әкімдігінің
2016 жылғы "16" мамыр
№ 68/2 қаулысына
№ 1 қосымша

Қаражал қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қаражал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 мамырдағы "2014 жылға халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы" № 53 қаулысы, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 9 маусымда № 2657 болып тіркелген, 2014 жылы 21 маусымда № 26 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған).

2. Қаражал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 3 тамыздағы "Қаражал қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" № 210 қаулысы, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 24 тамызда № 8-5-113 болып тіркелген, 2011 жылы 03 қыркүйекте № 36 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған).